

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 132 – 136

T.T. Espenova

T.K. Zhurgenov Kazakh National academy of Arts, Almaty, Kazakhstan
tolkyn_espenova@mail.ru

RESEARCH OF TERMS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article is devoted to the process of formation and development of Russian terminology. The author of the theoretical substantiation features historical and pedagogical research of scientific terminology. The researches of scholars-philologists dedicated to the definition of the term, their implementation and application in various spheres of public life are noted. The review of the works of scientists on the stage-by-stage development, the study of the Kazakh terminology is presented, the principles, directions, and features of its use are described.

Conceptual bases of operation are the ideas of the relationship between the process of formation of scientific terminology and the genesis of scientific knowledge, the linguistic concept of the term as a functional unit of the language of science. The question of phasing Development Reports terminology. The analysis of the theoretical and practical aspects of terminology research.

The main results of the work were the definition of methodological requirements in the formation of new scientific terms.

Key words: borrowing in the Kazakh language, terminology, stages of development, particularly drawing up the terms of terminology sources.

Т.Т. Еспенлова

Казахская национальная академия искусств имени Т.Жургенова

ИССЛЕДОВАНИЯ ТЕРМИНОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. Статья посвящена процессу становления и развития отечественной терминологии. Автором дано теоретическое обоснование возможностей историко-педагогического исследования развития научной терминологии. Отмечены исследования ученых-филологов посвятивших свои работы определению понятия термина, их внедрением и применением в различных сферах общественной жизни. Приведен обзор трудов ученых о поэтапном развитии, исследовании казахской терминологии, описаны принципы, направления, особенности его использования.

Концептуальными основами работы являются идеи о соотношении процесса становления научной терминологии и генезиса научного знания, лингвистическая концепция термина как функциональной единицы языка науки. Рассмотрен вопрос поэтапного развития терминологии. Произведен анализ теоретических и практических аспектов исследования терминологии.

Основными результатами работы стали определение методологических требований в образовании новых научных терминов.

Ключевые слова: заимствование в казахском языке, этапы развития терминологии, особенности составления терминов.

Қоғамдық өзгерістерге қара тіліміздегі терминдер – нарықтық кезеңге орай едәуір өзгерістерге ұшырап, тереңінен зерттеліп жатқан, әлі де зерттеулі барынша қажет ететін маңызды мәселе. Тіл білімінің басқа да салалары сияқты терминология саласы өзінің күрделі тарихи даму сатыларынан өтті.

Қоғам дамуында, адамдарда өз тіршілігінде материалдық игіліктер өндіруде қажетті қатынас жасау қандай қажет болса, тіл қызметінде терминология соншалықты қажет. Бұрын термин жасау мәселесімен тек лексикологтар, шет тілдерінің мамандары, аудармашылар айналысса, қазіргі ғылым мен техника заманында логиктер мен математиктер, физиктер, медицина, ауыл шаруашылық, экономистер, тәнтану мамндары мен өкілдері және де басқа саладағы ғалымдардың да осы игілікті іске атсалысып жатқандығын байқаймыз.

Терминологиялық лексиканы зерттеуде және оның қоғам үшін мәнін, маңызын анықтауда А.А.Реформатскийдің, В.В.Виноградовтың, А.Н.Баскаковтың, М.Ш.Гасымовтың және бұл ғалымдармен қатар түрколог-зерттеушілер А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Н.Т.Сауранбаев, С.Аманжолов, Р.Сыздық сынды ғалымдардың зерттеу еңбектерінің маңызы зор.

Бірақ термин жайында түрколог, оның ішінде қазақ тіл білімінде осыған тоқтайық дейтін бірізді пікір, ақиқат тұжырым тізгінін ұстау қиын.

Қазақ тіл біліміндегі терминдердің зерттелуінен бұрын жалпы термин ұғымына белгілі ғалым А.Байтұрсыновтан бастап, көптеген тілші – лингвист ғалымдардың пікір – тұжырымдары төмендегідей: Мысалы, А.Байтұрсынов терминді «пәнсөз» деп атайды. О.С.Ахманова: «термин дегеніміз арнайы ұғымдар мен заттарды дәл белгілеу үшін жасалған тілдегі арнайы сөздер мен сөз тіркестері» деген анықтама береді.

Қазақ терминологиясының әр кезеңдегі дамуы, зерттелуі, ұстанған принциптері, бағыттары, қолдану ерекшеліктері жөнінде жазылған 1930 әсіресе, 1950 жылдардан бастап А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, М.Балакаев, І.Кенесбаев зерттеушілердің еңбектерінің үлкен маңызы бар.

1972-1981 және 1981-1995 жылдар аралығында алуан түрлі өзгерістер болғанымен, терминдер мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Мемтерминком түрлі салалар бойынша жасалынған сөздіктерді талқылап, жұртшылыққа ұсынып отыр. Атап өтетін болсақ: Е.Бекмұхамбетовтың «Қазақ тіліндегі араб- парсы сөздері» (1977ж.), А.Дәдебаев пен Ж.Қайранбаевтың «Арабша- қазақша сөздігі» (1990ж.), Ғ.Сапарғалиевтің «Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі» (1995ж.).

Қазақ тіліндегі термин жасау ісін шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең ХХ-ғасырдың 10-жылдары мен 30-жылдардың екінші жартысындағы аралық. Бұл – терминжасамның бастапқы кезеңі. Бұл кезеңде терминдерді қазақыландыру бағыты басым болды.

Екінші кезең 30-40 жылдар арасы. Бұл кезеңде – интернационалдық терминдер мен орыс атауларын тілімізге түпнұсқадан пішінін бұзбай, сол қалпында қабылдау болатын. Әліппемізге тіл табиғатына тән емес дыбыстар енгізілді, бөтен префикс пен жалғаулар енді. Емле ережелері осы бағытта қарастырылды.

Үшінші кезең 40-50 жылдар аралығы.

Төртінші кезең 60-90 жылдардың екінші жартысы. Бұл кезеңді Брежнев заманы, қайта құру, Кеңес Одағының құлап, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының пайда болған заманға сәйкес туындаған тіл қозғалысы деп білуге болады [1].

Өмірзақ Айтбайұлының 1997 жылы жарық көрген «Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері)» атты монографиясының тарихи дерек ретінде орнын ерекше атауға болады. Бұл көлемді әрі мазмұны жағынан ғылыми деректерге толы монографиялық еңбекте қазақ терминологиясының жүз жылға таяу даму тарихы жүйелі де деректі зерттелінген. Әдеби тілдің, оның ішінде ғылыми тілдің өркендеуіне септігін тигізген терминдік жүйе, бұрын – сонды айтылған пікірлер, болжамдар сарапқа салына отырып, салмақты ой-пікірлері зерттеушіні елітіп, тартып отырады. Автор өзінің терминжасау жөніндегі көзқарасын анық байқатқан.

Сондай-ақ еңбекте терминді зерттеудің қазіргі жайы, қазақ тілінде термин қалыптастырудың негізгі кезеңдері терминжасам мәселесі сияқты ауқымды проблемаларды теориялық жағынан кең, әрі ғылыми дәлелді зерттеген.

Автор жалпы тіл білімі мен түркологиядағы терминзерттеудің қазіргі жайын терең зерттей келіп, мынандай тұжырым жасайды: «терминология дегеніміз ғылыми тілі. Қоғам дамуын ілгерілете түсудің бірден-бір тиімді жолы ғылыми-техникалық прогресс болып отырғанда жағдайда, қоғамдық ғылымның үлесіне тиер шаруа аз емес. Искерлік, білімдарлық, білгірлік, жауапкершілік, қабілеттілік талабы күшейген қазіргі кезең, әсіресе, тілдің ең күрделі де бай қатпары – терминологиялық лексиканы реттеуді қажет етеді дей келіп, термин жайында бүкіл түркология, оның ішінде қазақ тіл білімінде, сондай-ақ, орыс лингвистикасының өзінде де осыған тоқтайық дейтін бәтуалы пікір ұстау қиын. Ал «термин» деген ұғымның өз басына келер болсақ, әлі күнге бірыңғай пікір қалыптаса алмай келеді. Өндіріс жағдайында терминдер белгілі бір адамдар тобының өзара қарым-қатынас құралы есебінде пайдаланылады. Яғни, олар маман ортада, арнаулы әдебиетте қолданылады.

Қазақ терминологиялық лексикасын зерттеу өзектілігі қазіргі кезде жазуы мен стильдік тармақтары қанат жайған тілдердің қай-қайсысында да терминдік жүйенің қалыптасып, даму жолына түсетіні мәлім.

Жалпы тіл өмірдің сәулесі, қоғамдық құбылыстардың айнасы іспетті нәрсе. Ал даму, қалыптасу дегеніміз барлық уақытта бір қалыпты жүріп отырмайды.

Терминологиялық лексика халықтық тіл негізінде пайда болады. Мұның да өзіндік жасалу жолдары, қалыптасу тарихы бар. Бұл негізінен ғылыми ой-пікірдің өрбуіне, техникалық ілімнің дамуына орай, туындайтын арнайы лексика.

Қазақ тілінің терминдік жүйесін осы тұрғыдан зерделеп байқасақ, күрделі кезеңдерге кезігіміз. Ең алдымен, терминологиялық лексиканың пайда болу, жасалу, қалыптасу тарихын революцияға дейін, революциядан кейін деп екіге бөліп қарауға болады. Революцияға дейінгі кезең терминжасамның алғашқы

нышандарын нұсқайды. Болашақта терминденуге белгілі қажеттік тірек сөздердің бәрін сол кезеңнен табамыз.

Қазіргі терминтану процесінің негізгі ережелеріне сүйенсек, көптеген материалдары қарай отырып, жүйелі зерттеу нәтижесінде қазақ тілінде терминологиялық зерттеу тарихы жан-жақты сөз болып, осы кезге дейін белгісіз болып келген терминжасамның негізгі көздері анықталды. Қоғамдық терминдердің бұрын зерттелмеген құрылымдық жүйесі саралану үстінде.

Терминнің анықтамасына келгенде мәнін, құрамын анықтауға, жасалу принципі туралы әралуан түсінік бар. Ең алдымен, совет тіл білімін зерттеушілердің біразы бұл мәселе жөнінде сонау 20-30 жылдардың өзінде-ақ, ой толғап, оның мәні, мазмұны, ғылым, білім игеруде жасайтын септігі жайында жазылған еңбектерді алдымен айтуымыз керек. Ол еңбектер қандай ойға жетектейді, проблемалы қалай түсіндіреді, нендей түйінге келеді дегенге назар аудару керек.

Сонымен, термин және терминология дегеніміз не? Оны сөздік құрамның өзге қабатынан қалай ажыратуға болады? Оның негізгі белгілері қайсы? Терминологиялық лексиканы зерттеуде және оның қоғам үшін мәнін, маңызын анықтауда Реформатскийдің т.б. зерттеуші ғалымдардың рөлі ерекше болды.

Бұл жайында қазақ тіл білімінің зерттеушілері А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Сауранбаев Н.Т. Балақасев М., т.б. пікір өрбітті.

«Термин» деген ұғым жөніндегі ғылыми және анықтағыш еңбектерде түрлі мәлімет беріледі. Тиянақты түйін мен дәл анықтамалар беруге тырысатын энциклопедиялық сөздіктерге үнілгенімізде мынаны байқадық:

«Термин рим мифологиясында шекара құдайы. Термин- терминалдар құрметіне арналған мейрам» дегенді мегзейді екен. Сонымен бірге, термин шекара, шек ұғымды білдіретін латын сөзі. Бұл 1980 жылы Москва жарық көрген бір томдық «Советский энциклопедический словарь» деген еңбекте берілген анықтама.

Терминология мәселесімен айналысқан ғалымдардың қай-қайсысы да, ең алдымен мұның өзінің мазмұны мен мәнін ашып, анықтамасын айқындап беруге тырысып, отырған. Әсіресе, бұл проблеманы лингвистер тереңірек қарастырып келді. Мысалы, бұл жайында термин мәселесімен тікелей айналысқан қазақ ғалымы, белгілі лингвист Қ.Жұбанов бұған былай орысша-қазақша анықтама береді:

«Термином называется специфический вид определенных словесных обозначении, передающих определенные понятие, установленные на данном этапе развития науки и революционной практике, при чем передаваемое термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которые присуще данной словесной величине в обыденной жизни»[2].

Профессор Қ.Жұбанов терминнің өзіндік өзгешелік сипатын дұрыс түсінбеушіліктен кеткен қателерге назар аударады. Ол аударуға болмайтын терминдердің (психология, геометрия) аударылуын қате санайды.

Академик Кенесбаев пен профессор Қ.Жанұзақов та терминнің о баста латын тілінің «шек», «шекара» деген сөздерінің пайда болғанын айта келіп: «Ғылым мен техниканың, көркемөнер мен қоғам өмірінің алуан түрлі саласына байланысты қолданылатын тұжырымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, атау сөз», деп түйін жасайды[3].

Ғылыми әдебиеттерде кездесетін пікірлердің бәрі де, сайып кегенде, негізінен осы тұжырымдарға тоқтайды. Сонда термин дегеніміз, ең алдымен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданатын арнайы лексика болып шығады. Оның басты белгілері: дәлдік, қысқалық, жүйелілік.

Жаңа термин жасаудың тілдерде, оның ішінде, әсіресе, түркі тілдерінде қалыптасқан мынандай түрлерін атап көрсетуге болады: семантикалық тәсіл, морфологиялық тәсіл, синтаксистік тәсіл, калькалау тәсілі. Аталып отырған тәсілдің бәрі де негізінен, екі түрлі арнадан туындайды. Ол қандай арна? Бұл жиналып, сұрыпталған терминологиялық материал табиғаты қазақ тілі терминологиясының ең негізгі екі жолға сүйене отырып жасалғанын көрсетеді. Оның бірі — тілімізде бұрыннан бар сөздерді терминдік мәнде қолдану болса, екіншісі — жаңа терминдерді қазақ тілінің сөзжасам мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасау. Тіл табиғатында қалыптаса бастаған терминжасамның аталмыш тәсілдерінің бәрі де осы негізгі екі бағыт шеңберінде туындаған.

Терминжасамның өзіне тән белгілері.

Жалпыға бірдей қарапайым сөздер қоғамдағы өзара қарым- қатынас қажетіне байланысты туындап және оның сол тілде сөйлейтін кез келген адам жасай алатын болса, терминдер белгілі бір кәсіп пен мамандыққа тән ұғымды білдіру үшін жасалады да, сол саланың мамандары арасында ғана қолданылады. Тіпті мұны Г.О.Винокур айтқандай, күнделікті практикалық мұқтаждық тудырады, оны белгілі саладағы мамандар жасайды. Осыдан байқалатындай термин дегеніңізді саналы түрде қадағалап, қолдан жасап сұраптып отырмаса, ғалымдар бірін-бірі түсінуден қалуы да ықтимал. Өйткені, ғылым түрі оның мазмұнымен тікелей байланысты. Алайда, терминдер сол өзі пайда болған салада тұрақанып, өзгерместей қатып қалатын категория емес. Тіл дамуына байланысты қасиет оған да тән. Бір ғылым саласының қажетіне жараған термин, екінші ғылым саласының да мұқтажын өтеуі мүмкін.

Сөйтіп, терминжасам деген қоғам мүшелерінің саналы әрекеті нәтижесінде жасалатын құбылыс. Осы тұрғыдан алып қарағанда, “термин” ғалымдардың айтуынша, қоғам мұқтажына орай, саналы түрде қолдан жасалатын шығармашылық іс.

Саналы әрекет арқылы жасалған терминдер қадағалап отыруға көнбіс, яғни оларды үнемі назарда ұстап, бақылап отыру қажет. Бұл әсіресе, қоғамдық ой-пікірдің дұрыс сипатталуына сеп. Мұның өзі тілдің, оның ішінде терминологиялық лексиканың мемлекеттік мәні бар мәселе екенін білдіреді.

Жалпыға ортақ сөздер мен терминжасам процесін салыстырып қарасақ, өзара, едәуір айырмашылық бар екенін байқамау мүмкін емес. Алдыңғылар үшін сөз өндірудің бір ғана тәсілі жеткілікті болып жатса, кейінгілер үшін бұл аз, яғни терминдердің негізгі жасалу жолынан басқа, атаулық мазмұны анықталуы тиіс. Мұнсыз термин толық термин бола алмайды.

Термин сөздің ішкі құрылысы ешқандай қосымша, қоспасыз, таза атаулық жүк арқалауға тиіс. Термин болуға икемделіп тұрған сөздің ішкі формасы мөлдір де, таза күйге көшпесе, оның терминдік мәнінің әлі қалыптасып бітпегендігі. Ал ішкі икемділік дегеніміз кәсіби алқаға тікелей байланысты, яғни бұл мамандық иелерінің кәсіптік мұқтажына туындайтын терминнің ішкі мүмкіндігі. Терминнің ішкі түрін айқындауда стандартты сөз біріктіру, қосымшалар тәрізді сөзжасам құралдары едәуір рөл атқаратыны сөзсіз. Тіпті, кейбір ғалымдардың пікіріне қарағанда терминология саласында басымырақ көрінеді.

Сөзжасамның терминологиялық акті ұғымдар классификациясына (жіктелуіне) тікелей қатысты. Өйткені, термин сөз белгілі бір ұғымның атауын ғана айқындап қоймай, сонымен бірге, сол ұғымның мазмұнын да білдіреді. Мысалы, -лық, -ғы, -ым жұрнақтарының терминжасам процесіндегі қызметін аламыз. Осы қосымшалар арқылы жасалған көмелеттік қондырғы, қойылым тәрізді терминдер қоғамдық ғылымдар жүйесінде бір тектес классификациялық топқа жата тұрып, әрі атаулық қызмет атқарып, әрі сол терминдердің ішкі мазмұнын да білдіріп отыр. Осы модель негізінде біз терминдердің әлдененше жүйесін жасап, игердік. Осы ұғымдар мазмұнын білдіретін қасиет көбіне-көп күрделі терминдерге, құрамдас терминдерге тән. Өйткені тіркесім терминдер ұғымдық белгіні анағұрлым анығырақ, толығырақ әйгілейді. Ал, жалпы сөзден тұратын терминдерге бұл қызметті сөзтудырғыш марфемалар атқарады. Міне сондықтан, термин жасайтын марфемаларды барынша ыждаһаттылықпен дәл пайдаланып отыру керек. Бұларды топ-топқа бөліп, оларды өзара іштей бірнеше үйірге жатқызып, жіктеп қарастыру қажет.

Әдетте күрделі терминдер сын есім, зат есім, есімшелердің қатысуы арқылы жасалады. Бұларды таңдау оңай шаруа емес. Мұның қайсысы күрделі терминнің қандай түрін жасауға ыңғайлы дегенді барынша сұрыптап, сауаттылықпен пайдаланып отыру қажет. Мұндай саралап, сұрыптау әсіресе терминге лайықты жарыспа сөздер көп болған тұста керек. Бірінші есім сөздер үйіріндегі варианттарды талғау, таңдай білу қажет-ақ. Тілдегі қолданыстағы сөздің бәрі термин емес екенін ескеріп отыруымыз шарт. Бұл дамушы тілдердің бәрінің басында болатын құбылыс. Ғылым мен техника тілін жасау, қалыптастыру кезеңінде мұндай жарыспалы сөздер қатары тіпті молынан кездеседі.

Термин сөздердің жасалу көздері:

1. Өз сөздік құрамының ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалана алатын ұлттық тіл;
2. Дайын терминдер беретін немесе калькалау тәсілін ұсынатын орыс тілі;
3. Дайын күйінде термин беретін немесе калькалау тәсіліне ерік беретін халықаралық терминдер [3].

Жалпы тілімізде шет тілдерінен тікелей енген терминдер аз. Онда да араб, парсы сөздерін ғана тілге тиек ете аламыз. Қазақ тілінің даму тарихында араб, парсы элементтері белең алып, сол тілден енген кірме сөздерден біршама терминдер жасалған.

Түркі халықтары тіліндегі терминжасам процесі жөніндегі зерттеу еңбектерге зер салсақ, терминология жұмысында мынандай үш принцип басшылыққа алынатын тәрізді. Біріншіден, ССР халықтары тілдерінің бәріне ортақ принцип; екіншіден, қоғам мен тілдің даму ерекшеліктеріне сәйкес туындайтын әрбір тілдің өзіндік терминжасау ұлттық принципі және терминологияның жеке салаларына байланысты басшылыққа алынатын салалық принцип.

Алайда ұлттық терминологияны едәуір байыта түскен термин жасаудың бірнеше тәсілдері белгілі болғанымен бұл жөнінде мамандар арасында бір пікір қалыптасады. Әсіресе терминжасам амалдарын айқындауда бір келісім жоқ. Терминжасам амалдарының мөлшері, аумағы және олардың өнімді, өнімсіз түрлерін саралауда мынандай пікірлер бар.

1. Әдеби тіл сөздері мен диалектілерін терминдендіру;
2. Ұлттық тіл амалдары негізінде термин жасау;
3. Өзге тіл сөздерін термин ретінде қабыдау.

Ендігі топ терминжасам амалдарының 4 түрін көрсетеді:

1. терминдендіру;
2. қайта терминдеу (ретерминологизациялау), яғни басқа бір саланың терминдерін пайдалану;
3. термин жасау;
4. кірме сөздерге халықаралық сипат беру.

Үшінші пікір бойынша мұның қосымшалау мен біріктіру тәрізді екі амалы бар болса, төртінші пікір бойынша олар мыналар: 1. Семантикалық тәсіл; 2. Морфологиялық тәсіл; 3. Синтаксистік тәсіл; 4. Сөз қысқарту тәсілі (аббревиациялау).

Осы тектес жіктеулерді қарастыра келгенде, шынында да, бұлардың аражігі айқындала қоймағанын байқаймыз. Кірме сөздер мен ұлттық тіл элементтері негізінде жасалған терминдердің құрылысы, мазмұны, жасалу жолы жағынан тепе-тең түсетін тәсілдер ретінде қарастыру көкейге қона қоймайды. Өйткені, ұлттық тіл элементтері арқылы жаңа термин жасалса, кірме сөздер негізінде дайын терминдер қабылданады емес пе? Сол себепті де, әр нәрсе өзінің атымен аталып, соған орай бағалануға тиіс.

Аударма әдебиет арқылы енген кірме сөздер көбінесе түп- нұсқа тілдегі түріне жуық тұлғада қабылданады, сондықтан орыс тілінен және орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінен алынған сөздерді орысша түрінде жазу принципі XIX ғасырдың II жартысынан басталады деуге болады [4].

Қазақ тілінің, тіпті басқа да түркі тілдерінің сөзжасам амалдары ұлттық тілде терминдендіруге лайықты сөз болмайқалған күнде ғана, немесе бар сөздердің бұл жүйеге жөні келмей тұрған жағдайда, сондай-ақ әртүрлі себептерге байланысты кірме сөздер терминдік талаптан шыға алмаған сәтте ғана, жаңа термин жасауға тартылады.

Жаңа термин жасау дегеніміз, кез келген адамның еркіндегі нәрсе емес. Ол белгілі бір мұқтаждыққа орай белгілі бір ұғымды дәл, анық, нақты әйгілеу үшін жасалатын, әсіресе мамандар мен тілдік түйсігі ерекше жетілген зерделі жандар айналысатын творчестволық іс деп білуіміз қажет. Мұндай творчестволық жұмыспен кез келген адам айналысуға праволы. Бірақ тілдің сөзжасам амалдарын жете игермеген, оның даму көздерін дәл айырып тани алмайтын, зандылықтарын есептемейтін сөз жасағыштарға жол берілмеу керек.

Жалпы айтылғандарды жинақтап келгенде, түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде жаңа термин жасаудың белгілі бір модельдері тұрақталған. Жаңа термин нендей материалдан, қалай жасалса да, ең алдымен мынандай негізге сүйену керек: қосымшалау, сөз біріктіру, сөз қысқарту.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Aitbayuly U. The Kazakh word // Almaty: "Rauan". 1997. -240. ISBN 5-625-03502-4
- [2] Zhubanov H.K. Studies in the Kazakh language. 1966.
- [3] Aitbayuly U. Formation and development of the Kazakh terminology // Almaty: "Abzal-ai". 2013. -400. ISBN 978-601-7172-23-7
- [4] Sysdyk R. History of the Kazakh literary language. // Almaty: "El-Chezhire". -2014. 288. ISBN 978-601-7317-88-1

Т.Т. Еспенова

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕРДІ ЗЕРТТЕЛУІ.

Аннотация. Мақала отандық терминологияның қалыптасу және даму үрдісіне арналған. Автормен ғылыми терминологияның дамуын тарихи-педагогикалық зерттеу мүмкіндіктерін теориялық негіздеу берілген. Термин ұғымына түсінік беріп, оларды қоғамдық өмірдің әр түрлі саласында енгізіп, қолдану туралы еңбек жазған ғалым-филологтардың зерттеулері аталып өтілген.

Қазақ терминологиясының әр кезеңдегі дамуы, зерттелуі, ұстанған принциптері, бағыттары, қолдану ерекшеліктері жөнінде жазған ғалымдардың еңбегіне шолу жасалған.

Жұмыстың концептуалды негізі болып, ғылыми терминологияның қалыптасу үрдісі мен ғылыми білімнің генезисі арасындағы байланыс идеясын, ғылым тілінің функционалды бірлігі болып табылатын терминнің лингвистикалық концепциясын атауға болады.

Терминологияның кезеңмен даму мәселесі қаралып, терминологияны зерттеудің теориялық және тәжірибелік қырының анализі жасалды.

Жұмыстың басты нәтижесі жаңа ғылыми терминдердің қалыптасуы кезіндегі әдіснамалық шарттардың анықталуы болды.

Тірек сөздер: қазақ тіліндегі кірме сөздер, терминологияның даму кезеңдері, терминдерді қалыптастырудың ерекшеліктері, источники составления терминов.